

Қосымша білім беру бағдарламасының паспорты
«Өлкетану»

№	Өріс атауы	Ескерту
1	Қосымша білім беру бағдарламасының атауы	Өлкетану
2	БББ түрі	Minor қосымша бағдарлама
3	БББ мақсаты	Білім алушылардың Қазақстан мен әлемнің географиясы, экономикасы және саяси құрылымы саласындағы білімін, дағдыларын және құзыреттерін қалыптастыру. Бұл табиғи, экономикалық және саяси үдерістерді талдауға, өңірдің ресурстарын бағалауға, зерттеу дағдыларын дамытуға және өлкетану бағытында жобалар әзірлеуге мүмкіндік береді.
4	ХҚКО бойынша деңгей	6
5	ҰБШ бойынша деңгей	6
6	СБШ бойынша деңгей	6
7	БББ айрықша ерекшеліктері	-
8	Серіктес ЖЖОКБҰ (Бірлескен БББ)	-
9	Құзыреттер тізімі	<p>Қ1 – Қазақстанның физикалық географиясы және табиғи ресурстары туралы білімге ие болу.</p> <p>Қ2 – Қазақстанның экономикалық географиясы және сыртқы экономикалық байланыстарының мәнін түсіну.</p> <p>Қ3 – Қазіргі әлем географиясын және саяси ұйымдарды талдау дағдыларына ие болу.</p> <p>Қ4 – Географиялық, экономикалық және саяси білімді зерттеу және жобалау қызметінде қолдана білу.</p>
10	Оқыту нәтижелері	<p>ОН1 – Қазақстанның табиғи жағдайларын, ресурстарын және географиялық ерекшеліктерін талдайды.</p> <p>ОН2 – Елдің экономикалық үдерістерін және сыртқы экономикалық байланыстарын зерттейді.</p> <p>ОН3 – Қазіргі әлемнің геосаяси үдерістерін және саяси құрылымдарын бағалайды.</p> <p>ОН4 – Өлкетану саласындағы аналитикалық материалдар, жобалар және зерттеулер дайындау үшін білімдерін қолданады.</p>
11	Оқыту түрі	күндізгі
12	Оқыту тілі	Қазақша, орысша
13	Кредиттер көлемі	15
14	Пәндер туралы мәліметтер	<i>Қосымша 1</i>

1 Қосымша

№	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптасқан нәтижелер (коды)
Таңдау компоненті				
1	Қазақстанның физикалық географиясы	Бұл пән Қазақстанның табиғи жағдайлары, климат, рельеф, су және топырақ ресурстарын зерттейді. Білім алушылар табиғи жүйелерді талдау әдістерін, заңдылықтары мен территориялық ерекшеліктерін анықтау тәсілдерін меңгереді. Сондай-ақ, жүйелік ойлау дағдылары мен географиялық ақпаратты зерттеу және оқу қызметінде қолдану қабілеттерін қалыптастырады.	5	ОН1
	Қазақстанның табиғи ресурстары	Бұл пән Қазақстанның табиғи ресурстарының түрлерін, таралуын және қолданылуын зерттейді. Білім алушылар ресурстық потенциалды бағалау, рационалды пайдалану, экологиялық салдарларды талдау және өңірлік дамуға мүмкіндіктерді қарастыру әдістерін меңгереді. Бұл пән табиғи ресурстарды зерттеу және басқару құзыреттерін қалыптастырады.		
2	Қазақстанның экономикалық географиясы	Бұл пән Қазақстандағы өндіргіш күштердің таралуын, экономиканың салалық құрылымын және өңірлік даму ерекшеліктерін зерттейді. Білім алушылар экономикалық үдерістерді талдау, өңірлік экономикалық өзгерістерді жоспарлау және болжау әдістерін меңгереді. Пән экономика-географиялық білімді практикада қолдану дағдыларын қалыптастырады.	5	ОН2, ОН3
	Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстары	Бұл пән Қазақстанның сыртқы экономикалық қатынастарын, халықаралық сауда, инвестициялар және басқа елдермен экономикалық өзара әрекеттестікті қарастырады. Білім алушылар сыртқы экономикалық үдерістерді талдау механизмдері мен әдістерін меңгереді, халықаралық қызметтің өңірлік даму мен ел экономикасына әсерін бағалай білу қабілетін қалыптастырады.		
3	Қазіргі әлемнің географиясы	Бұл пән жаһандық географиялық үдерістерді, табиғи және экономикалық ресурстардың халықаралық таралуын, сондай-ақ қазіргі әлемнің әлеуметтік-экономикалық аспектілерін зерттейді. Білім алушылар жаһандық тенденцияларды талдау және өңірлік ерекшеліктерді анықтау дағдыларын қалыптастырады, бұл аналитикалық материалдар мен зерттеу жобаларын дайындауға мүмкіндік береді.	5	ОН3, ОН4

	Әлемнің саяси ұйымдары	Бұл пән халықаралық ұйымдарды, саяси одақтарды, интеграциялық үдерістерді және жаһандық саяси құрылымдарды зерттейді. Білім алушылар халықаралық саясат пен геосаяси үдерістерді талдау әдістерін меңгереді, саяси ұйымдардың экономика, қауіпсіздік және әлемнің өңірлік дамуына әсерін бағалай білу дағдыларын қалыптастырады.		
Барлығы:			15 кредит	